

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,

Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Ас мәзірін оқыңыз.

Салаттар



«Сарқыт» салаты
(ысталған жылқы еті,
ешкі сүтінен ірімшік,
қызанақ, баялды)

Қазы салаты

(қазы, қызылша, қырыққабат,
картоп, қызанақ)

Көкөніс салаты

(қияр, қызанақ, зәйтүн,
тәтті бұрыш)



Ыстық тағамдар

Балқуырдақ

(жылқы етінен, сиыр етінен,
қой етінен)

Қуырылған тұшпара

Қуырдақ

(жылқы, сиыр, қой етінен)

Қабырға қуырдақ



Тіскебасар

Ысталған қазы

Ысталған жал-жая

Бекіре уылдырығы

Орама шұжық

Уыз қазы бауыр

Сорпа



«Жібек жолы» сорпасы

(қой еті, сәбіз, тұз құрт,
ноқат жармасы)

Ысталған жылқы

етінен үй кеспесі

Жасымық сорпасы

(жасымық, жалбыз, картоп,
сәбіз, қызанақ, сарымсақ)

Нарын

(жылқы еті, кеспе нан)

Күркетауық сорпасы



Нан

Бауырсақ

Ши бауырсақ

Ірімшік қосылған

бауырсақ

Бал қосылған құймақ



Сусындар

Қатық

(сиыр сүтінен,
ешкі сүтінен,

қой сүтінен,

жидектер қосылған)

Қымыз

Айран

Ашыған көже

Газдалған су

Газсыз су

Алма шырыны

Кәуап



Кәуап

(сиыр етінен,
қой етінен тауық
етінен қаз етінен
көкөніс кәуабы)



Шай

Қазақша шай

Тары қосылған шай



Тәттілер

Ірімшік

қосылған бәліш

Торт



2. Ас мәзірінің көмегімен тағамдардың бағасын жазыңыз.

Қанша тұрады?



Ыстық тағамдар

«Жібек жолы» сорпасы..... 3590т

Қабырға қуырдақ 4290т

Бекіре балығы 4290т



Тіскебасар

Ысталған қазы..... 5690т

Ысталған жылқы еті 6690т



Салаттар

«Сарқыт» салаты 2890т

Қазы салаты 3290т

Көкөніс салаты 2390т



Кәуаптар

Тауық етінен кәуап 1800т

Қой етінен кәуап 2800т

Сиыр етінен кәуап 3200т



3. Қажетті қосымшаны жазыңыз.

Бір стакан су әкел+іңіз+ші

Ас мәзірін бер+_____

Маған көмектес+_____

Мына ыдысты алып кет+_____

Маған шырын құй+_____


Маған ас мәзірін көрсет+_____

Кешігіп қалдым, кешір+_____

Мына үстелге отыр+_____

Газдалған су әкел+_____

Шай әкел+_____



4. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Қандай шай іш+е+сіз?

Неге тапсырыс бер_____?

Не іш_____?

Ыстық тамаққа не іш_____?

Қай үстелге отыр_____?

Қандай салат ал_____?

Қандай шай іш_____?

Сусынға не іш_____?

Қандай шай іш+кі+ңіз келеді?

Неге тапсырыс бер_____ келеді?

Не іш_____ келеді?

Ыстық тамаққа не іш_____ келеді?

Қай үстелге отыр_____ келеді?

Қандай салат ал_____ келеді?

Қандай шай іш_____?

Сусынға не іш_____?



4. Қажетті жалғауды қойып жазыңыз.

отыр+тыңыз+дар

кір_____

бер_____

ал_____

іш_____

таныс_____

кел_____

әкел_____

төле_____

айт_____

сөйлес_____

бар_____

тапсыр_____

алып кет_____

құй_____

көмектес_____



5. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

а

– Сәлеметсіз бе!

– Қайырлы күн! «Тұран ел» мейрамханасы. Менің атым – Дина.

– Қандай _____?

– Мен үстелге тапсырыс _____.

– Неше адамсыздар?

– Үш.

– Сіздің _____ кім?

– Фариза.

– Сағат _____?

– Бүгін кешкі _____.

– Кешіріңіз, бүгін _____ жоқ.

– Ертең кешкі 6-да бола ма?

– Ертең 2-қабатта _____.

– Жақсы, _____.



ә

- Мейрамханамызға қош _____!
- Мына үстелге _____.
- Рақмет, бізге ас мәзірін _____.
- Ас мәзірімен _____.
- Қандай ыстық тағамға тапсырыс _____?
- Маған балқуырдақ.
- Маған _____ ақсерке балығы.
- Сізге ше?
- Маған жасымық сорпасы.
- Жақсы, қандай салатқа _____ бересіздер?
- _____ салаты мен сарқыт салатын _____.
- Қандай сусын _____?
- _____ су, сосын Фаризаға ірімшік _____ бауырсақ әкеліңізші.

б

- Даяшы, бері _____ . Қуырдақ өте дәмді болыпты.
- Шай _____ ме?
- Иә, тары қосылған _____ . Шайға не бар?
- Бізде _____ көп. Қазақ ұлттық _____, Түрік, әзірбайжан, өзбек тәттілері бар.
- Бізге бал қосылған құймақ, қызыл ірімшік, жаңғақ қосылған пахлава әкеліңізші.
- Жақсы.

в

- Даяшы, бері келіңізші.
- Иә, _____ .
- Бізге есеп әкеліңізші.
- Жақсы, сізге біздің тағамдар _____ ?
- Әрине, өте дәмді болды. Рақмет.
- Қалай _____ ? Картамен, QR-мен, ақшамен бе?
- Картамен _____ .
- Сіздерге рақмет, _____ .
- Міндетті түрде.
- Сау болыңыздар!



6. Сұрақтарға сұқбаттардың көмегімен жауап жазыңыз.

1. Олар қай мейрамханаға барды?

2. Мейрамханаға неше адамға тапсырыс берді?

3. Сағат нешеде келді?

4. Қонақтарға ас мәзірі ұнады ма?

5. Қонақтар қандай ыстық тағамға тапсырыс берді?

6. Қандай салатқа тапсырыс берді?

7. Қандай шай ішті?

8. Шайға қандай тәттілер алды?

9. Қонақтар қандай су ішті?



131